

Аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күшін жою туралы

Жамбыл облысы Шу аудандық мәслихатының 2015 жылғы 31 наурыздағы № 38-5 шешімі

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жыл 23 қаңтардағы Заңының 7 бабының 5 тармағына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Келесі шешімдердің күші жойылды деп танылсын:

1. "Бір жолғы әлеуметтік көмек беру туралы" Шу аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 20 мамырдағы № 28-9 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2239 болып тіркелген, 2014 жылғы 18 маусымдағы аудандық "Шу өңірі" № 51 газетінде жарияланған) шешімі;

2. "Шу ауданында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту бағдарламасының орындалу барысы туралы" Шу аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 25 қыркүйектегі № 9-2 шешімі.

*Сессия төрағасы,
мәслихат хатшысы*

Б. Саудабаев